

ЖАСТАРҒА АРНАУ

Жалындаған әкемізбен анамыз,
Қалай ғана ойланбайды санамыз?
Өзімізді бағып қаққан жандарды,
Интернатқа қалай тастап барамыз?

Түн ұйқысын төрт бөліп кірпік қақпай,
Перзентім деп бір сәтке дамыл таппай.
Отыратын мейірбан ақ анамыз,
Қалды екен осы күн кімге жақпай?

Қатарынан қалдырмаған баласын,
Аламын деп киім, дәптер, шанасын .
Күндіз түні ауыр жұмыс атқарған,
Қарт әкеңді неге тастап барасың?

Жанарда жас, көңілінде мол қайғы,
Ата-анаң қамығумен сорлайды.
Қателікті жібердім деп қай жерден,
Өткен шағын есіне алып ойлайды.

Үзілмеген үміт шіркін солмайды,
Тұрсадағын жүрегінде мол қайғы.
Перзенттерін кешіргісі келеді-ақ,
Кешір депте келмейтіні сол қайғы .

Қазағымның қайсар мінез жастары ,
Қайтесіңдер шет елмен басқаны.
Қарттарынан безген жұрттың үлгісі,
Ақишат қой құлдырауға бастары.

Қазақ тілі
Тіл дегенің тұғырыңның қазығы,
Сондықтанда мықты қағып бекемде.
Тілсіз жүрген бодан болып өзгеге,
Ұлттар көп қой мынау алып мекенде.

Тілсіз ұлттың болмақ емес тұғыры,
Ондай жұрттың қысқа болар ғұмыры,
Ана тілімен еркіндіктің әрқашан,
Егіз еді, түбі тұтас ұғымы.

Өз жұртыңмен өз тіліңде тілдескің,
Біреу білер, ал біреулер білместі .
Қазақ тілі әсемдікпен баурайтын ,
Таңғажайып бір керемет жыр кескін.
Туған жер...
Туған жерім , орман тоғай суыңның ,
Бауырында бұла өскен қызымын.
Сенің әрбір тау-тасыңды сүйетін,
Анасынан арда туған құлынмын.

Бетегелі белің, жусан , қой, тасың,
Жайқалса тек жақсылықпен жайқалсын.
Қуанышты, дүбірлі күн көп болып,
Басыңдағы бақыт құсы таймасын.